



Газет 1930 жылдың 10 қазанынан шыға бастады

## Ауқымды жұмыстар партия бақылауында



«Аманат» партиясы Созақ аудандық партиялық бақылау комиссиясының төрағасы Б.М.Тұрғанбаевтың төрағалығымен партиялық бақылау комиссиясының кезекті отырысы өтті.

Отырыстың күн тәртібінде:

-Созақ ауданы әкімдігінің мәдениет және спорт бөлімі басшысының атқарған жұмыстары туралы есебі; Қызмешек кенті әкімдігінің халықпен атқарып жатқан жұмыстарымен танысу; «Тарса» бастауыш партия

ұйымының 2022-2023 жылға атқарған жұмыстарының есебі; Созақ ауданы әкімдігінің жер қатынастары бөлімінің атқарып отырған жұмыстары; «ҚазСушар» РМҚ ТФ Созақ өндірістік бөлімше басшысының есебі қаралды.

Жергілікті бөлім басшылары мен кент әкімі баяндама жасап, атқарылып жатырған жұмыстарына комиссия тарапынан «қанағаттандырарлық» деген баға беріп, қосымша ұсыныстар айтылды.

Ұсыныстар легі былай басталды. Созақ аудан әкімдігінің мәдениет және спорт бөлімі басшысының орынбасары Н.Баубековаға;

-Созақ ауданынан дарынды, білімді балаларға «Өнер мектебін» ашу бойынша ұсыныс дайындауға; -Мәдени, рухани іс-шараларға мамандар (бишілер, әншілер, актерлар) киетін киімдерді жаңарту бойынша; -Аудан орталығынан үлкен кітапхана салуға ұсыныс беруге;

Қызмешек кенті әкімі Е.Жұмабаевқа; -Кентте көгалдандыру жұмыстарын жандандыру; «Үлгілі ауыл», «Үлгілі үй», «Үлгілі көше» іс-шарасын жалғастыруға;

«Тарса» бастауыш партия ұйымының төрағасы Ә.Сағындықовқа;

-партия жарғысы негізінде жұмыс атқаруға; -партиялық іс-шараларға партия мүшелерін тарту бойынша;

Созақ ауданы әкімдігінің жер қатынастары бөлімі басшысы Б.Әбенұлына;

-Ауылшаруашылығын дамыту үшін жерге конкурс қағидаттары мен жеңімпаздарды жарияланғанда аудандық ақпараттық газеттен бөлек, «ашық үкімет» қағидаты бойынша әлеуметтік желіге де жариялауға;

«ҚазСушар» РМҚ ТФ Созақ өндірістік бөлімше басшысы Қ.Қайратұлына;

-Тоған суларын тиімді пайдалану үшін (су жерге сіңіп кетпеу үшін) лоток қоюға және тозығы жеткен лоток жүйелерін ауыстыру ұсыныстарын жеткізді.

Кеңес мүшелері алдағы уақытта айтылған ұсыныстарды мәслихат сессиясында көтеретіндерін атап өтті.

2023 жылғы 1 тоқсанда шоғырландырылған бюджет (Мемлекеттік бюджет+Ұлттық қор) салық түсімі бойынша 5 667,3 млрд теңге, өткен жылғы ұқсас кезеңімен салыстырғанда 21,4% немесе 998,0 млрд теңгеге өсті. Оның ішінде:

- Республикалық бюджетке 3 176,7 млрд теңге түсті, өткен жылғы ұқсас кезеңімен салыстырғанда 23,2% немесе 599,1 млрд теңгеге өсті.

- Жергілікті бюджетке 1



## Бюджеттің салық түсімі-5,7 трлн теңге

293,6 млрд теңге түсті, 2022 жылғы ұқсас кезеңімен салыстырғанда 24,2% немесе 252,0 млрд теңгеге өсті.

- Ұлттық қорға 1 197,1 млрд теңге түсті, 2022 жылғы ұқсас кезеңімен салыстырғанда 14,0% немесе 146,9 млрд теңгеге өсті.

2022 жылдың ұқсас кезеңімен салыстырғанда республикалық бюджетке түсім-

нің үшінші елдерден импортқа ҚҚС бойынша 2 есе, ішкі өндіріс тауарларына ҚҚС 21,2%-ға, корпоративті табыс салығы 20,7%-ға және ЕАЭО елдерінен импортқа ҚҚС 2,0%-ға өсуі байқалады.

Түсімнің өсуіне келесі факторлар әсер етті.

2023 жылы 1 тоқсанда былтырғы жылдың ұқсас кезеңімен салыстырғанда алтыға 0,8% бағаның өсуі байқалады.

Үшінші елдермен тауар айналымы 2023 жылғы 1 тоқсанда 13,9%-ға өсті (экспорт 6,7%-ға төмендеді, импорт 1,8 есе өсті).

Сондай-ақ ЭШФ тауар айналымы 8,8 трлн теңгеге немесе 27,7%-ға өсті.

## «Qazaq Forum»: жаңа медиа мүмкіндігі



Елордада қазақ тілінде онлайн контент жасаушылардың VI форумы өтті. Жылдағы дәстүрге сай танымал блогерлер мен медиа саласы мамандарының басын қосқан алқалы жиынға биыл «Жасанды интеллект дәуірі: қазақ медиасын қайта зерделеу» тақырыбы арқау болды.

Форумға қатысқан Ақпарат және қоғамдық даму министрі Дархан Қыдырәлі ғаламтордағы мемлекеттік тіл аясының кеңеюі үшін жасалып жатқан ауқымды жұмыстарға тоқталды. Министрдің айтуынша, қазіргі күні мемлекеттік медидағы қазақ тілінің үлесі 83 пайызға жеткен.

- Мемлекеттік тілдің БАҚ-тағы үлесі арта түсті. Мысалы, өткен жылы мемлекеттік БАҚ-тағы қазақ тіліндегі контенттің үлесі 83 пайызды құрады. Атап айтқанда, телеарналардағы қазақ тілінің үлесі 77 пайызға жетсе, баспа БАҚ-та - 85 пайыз, интернет-ресурстарда 87 пайызға жетті, - деді ол.

Дархан Қуандықұлы медиа нарықта қазақтілді БАҚ-

қа жарнама берушілер қатары да артып келе жатқанын жеткізді. Оның сөзінше, отандық ресурстарда PR мақалаларды орналастыру көлемі өсіп жатыр.

- Осы ретте, интернет-жарнаманы реттеу, әлеуметтік желілердегі интерфэйс пен жарнамалық алгоритмдерді, монетизациялау жүйесін қазақ тілінде жасау өте маңызды. Аталған мәселе министрлік әзірлеп жатқан «Интернет жарнама және онлайн платформалар туралы» заң жобасында қарастырылып жатыр. Жалпы, бұл заң жобасы бірінші кезекте азаматтардың құқығын қорғауға, онлайн ортаны қауіпсіз және ашық түрде дамытуға бағытталған. Бүгінде БАҚ саласындағы заңнаманы жетілдіру жұмыстары жүріп жатыр, - деді министр.

«Qazaq Forum» отандық контент жасаушылар форумы қазақ тіліндегі жаңа медианың дамуына серпін беретін жиын екенін айтқан Дархан Қыдырәлі министрлік тарапынан әлемдегі соңғы үрдістерді ескере

отырып, жаңа цифрлық медиа мен креативті индустрияны дамыту жөніндегі жұмыстарды жандандыру көзделіп отырғанын жеткізді. Қазіргі күні «Meta», «TikTok», «Google», «Mail.Ru Group», «LinkedIn», «Netflix» компанияларымен келіссөз жүргізіліп, тығыз қарым-қатынас орнатылған.

- Келіссөздер нәтижесінде «Meta» компаниясына қарасты Instagram, Whatsapp, Facebook, Messenger-дің еліміз бойынша ресми өкілдері айқындалды. Сондай-ақ «TikTok» корпорациясының аймақтық кеңсесі ашылды. Facebook пен TikTok-тің интерфэйсін қазақшалау бойынша келісімдер жасалды. TikTok компаниясымен 13 жасқа толмаған балалардың платформаны пайдалануын және зиянды мазмұнды контенттерді бірлесіп анықтайтын боламыз. Мұның бәрі бізге үлкен жауапкершілік жүктейді, - деді министр.

Форумға қатысқан спикерлердің айтуынша, қазіргі күні ел халқының 45-50 пайызы әлі күнге дәстүрлі медианы тұтынады. Яғни теледидар көріп, радио тыңдап, газет-журнал оқитын адамдар қатары азайған емес. Осыған орай Ақпарат және қоғамдық даму министрі соңғы уақытта қол жеткізілген жағымды жаңалықпен бөлісті. Бұдан былай халық газет-журналға жазылу үшін пошта бөлімшесіне барып жүрмейді, үйінде отырып-ақ kasper.kz қосымшасы арқылы жазыла алатын болды.

## Жолдың сапасы

### жұртшылық назарында

Құмкент-Шолаққорған бағытындағы автомобиль жолына жүргізіліп жатқан орташа жөндеу жұмыстарына, «Аманат» партиясы Созақ аудандық филиалы жанындағы партиялық бақылау комиссиясының төрағасы Б.Тұрғанбаевтың, осы партиялық бақылау комиссияның мүшесі А.Сөлтековтың, Созақ аудандық Қоғамдық кеңестің мүшесі Т.Жұмақовтың, «Шымкентдорстрой» ЖШС мердігер мекемесінің жол шебері А.Зубайраевтың, «Оңтүстік жолдары» МКК Созақ аудандық бөлімшесінің бастығы С.Төлеевтің қатысуларымен бақылау жүргізілді. Бақылау барысында жолдарда пайда болған ой-шұңқырларды тез арада жөндеу қажеттілігі, жол жөндеу жұмыстарының сапасына аса назар аударуды және жұмыстарды өндірістік жұмыс кестесіне сай атқаруды мердігер ұйымы «Шымкентдорстрой» ЖШС өкіліне ескертілді. Сонымен қатар, Жамбыл облысы мен Құмкент ауыл округі арасындағы былтырғы жаңадан төселген асфальт жолдың сапасының төмен болуына қатар шұңқырлар мен тесілген жолдың пайда болуына байланысты қырып алынып қайта төсеуге мердігер мекемемен келісілді.

«Созақ үні» - ақпарат.



## Заң шеңберіндегі сапалы қызмет керек

Мемлекеттік қызмет жүйесін электронды форматта жетілдіру және оған азаматтардың еркін қолжетімділігін қамтамасыз ету үкімет алдында тұрған маңызды стратегиялық міндеттің бірі болып табылады. Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер жеке мемлекеттік функцияларды іске асырудың бір түрі. Ол қызмет алушылардың өтініші бойынша жеке түрде олардың құқықтарын, бостандықтарын мен қаржылы және қаржылы емес заңдылықтарға сәйкес және тұлғаларға қызмет көрсетуді іске асырады өмір сапасы болып табылады. Мемлекет алдына қойылған негізгі міндеттердің бірі - жоғары сапалы мемлекеттік қызмет көрсетуге барлық халықтың бірдей қол жеткізуі. Бұл мәселе заң жүзінде бекітілген. Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер: 1) көрсетілетін қызметті берушілер арқылы; 2) Мемлекеттік корпорация арқылы; 3) «электрондық үкіметтің» веб-порталы және жылжымалы желінің абоненттік құрылғысы арқылы көрсетіледі.

«Цифрлық Қазақстан» кешенді бағдарламасына сәйкес, халыққа мемлекеттік қызмет көрсетудің тиімділігін арттыру мақсатында электронды түрде қызмет көрсету заман талабына сай қарқынды даму. Мемлекеттік көрсетілетін қызмет дегеніміз көрсетілетін қызметті алушылардың өтініші бойынша жеке тәртіппен жүзеге асырылатын және олардың құқықтарын, бостандықтарын мен заңды мүдделерін іске асыруға, оларға тиісті материалдық игіліктер беруге бағытталған жекелеген мемлекеттік функцияларды іске асыру нысандарының бірі. Мемлекеттік қызметтер тізіліміне сәйкес мемлекеттік қызметтің бірнеше түрлерін көрсетеді. Заңнамаға сәйкес мемлекеттік органдар мемлекеттік қызметтерді электрондық нысанда қамтамасыз етуге міндетті, бұл өз кезегінде мемлекеттік органдардың ішкі бизнес-үдерістерін автоматтандыруға, сондай-ақ мемлекеттік органдар мен азаматтардың өзара іс-қимылының ең тиімді нысаны ретінде электрондық мемлекеттік қызметтерді дамытуға ықпал етеді. Аудан аумағындағы қалыптастыру процесін автоматтандыру үшін @Egov, KZ ПОРТАЛЫ енгізілген. Мемлекеттік қызметтерді асырудың автоматтандырылған түрінің артықшылықтары – олардың қолжетімділігі және бенефициарлардың қолайлылығында. Мемлекеттік қызметтер көрсетуін жақсарту, баламалы және электрондық қызметтердің үлесін көтеру мақсатында ХҚКО арқылы және электрондық қызметтердің кең таралуын және пайдаланушыларды арттыру үшін мемлекеттік қызметтерді көрсету сапасын көтеру жөнінде шаралар болып табылады. ХҚКО мамандарымен ауыл тұрғындарына мүмкіндігі шектеулі адамдардың арасында аудан әкімі аппаратының ақпараттық технологиялар және мемлекеттік қызметтер мониторинг бөлімі бекіткен жоспарға сәйкес мемлекеттік қызметтер жәрмеңкелерін тұрақты өткізіп тұрады. Мемлекеттік қызметтер жәрмеңкесін өткізудің негізгі мақсаты – мемлекеттік қызметтерге қол жетімділікті арттыру, халықты ақпараттандыру, оны электрондық нұсқада алуды үйрету, мемлекеттік қызметтердің ашықтылығын көрсету және қызметтердің сапасын арттыру, аудан көлемінде көрсетілетін мемлекеттік қызметтер және электронды қызметтер туралы толық ақпаратты бере отырып, қызмет көрсету бағытында толғандырған ойлар мен проблемалық мәселелерге, сұрақтарға жауап беру. Аудан әкімінің аппараты мемлекеттік мекемелер ғимараттарында орналасқан «Өзіне-өзі қызмет көрсету» бұрышында, арнайы маман бекітіліп, заңға сәйкес нұсқаулықпен «Электрондық үкімет» порталы, Mgov, Telegram-бот, @EgovKzBot мобильді мессенджерін пайдалану арқылы керекті қызметтерді жергілікті тұрғындар қолжетімді, кедергісіз алуда. Созақ ауданы әкімі аппараты және аудан аумағындағы барлық мемлекеттік қызметтердің стандарттары, регламенттері және мемлекеттік қызметтер көрсетудің тәртібі туралы ақпараттар жазылған стендтер жасалған. Электрондық үкіметті дамыту дегеніміз біріншіден, халықтың компьютерлік сауаттылығын көтеру, халыққа қызмет көрсету орталықтарының қызметін жақсарту, сол арқылы мемлекеттік қызмет сапасын арттыру. Екіншіден, сыбайлас жемқорлық көріністері мен бюрократтық тосқауылдың азаюына негіз тудыру. Үшіншіден, Рұқсат беру құжаттарының тізбесін қысқарту болып табылады. Мемлекеттік қызмет көрсетудің сапасын арттыру арқылы азаматтардың мемлекеттік орындардың қызметіне деген сенімін көтеру маңыздылығы зор. Аудандық мониторинг бөлімі тарапынан ішкі бақылау шаралары жүргізіліп, аудандық арнайы мониторингтің топ мүшелері зерттеу жұмыстарын үнемі жүргізеді. Зерттеу қорытындысы бойынша айтылған ұсыныстар жасалып, тұрғындарға қызмет ету үшін қолайлы жағдайлар жасалған. Аудан әкімі аппаратының негізгі функцияларының бірі мемлекеттік қызмет көрсету саласында тұрғындардың өтініштерін қанағаттандыру, мүмкіндігі шектеулі жандар мен барлық қызмет алушыларға ыңғайлы үнемі жағдай жасау болып табылады.

**Нұрсұлтан ҮДЕРБАЕВ,**  
Аудан әкімі аппаратының ақпараттандыру және мемлекеттік қызмет көрсету мониторинг бөлімінің бас маманы.



## Ауылдың ауызбіршілігі, ағайынның ынтымағында

Өткен аптаның жұмасы күні Қымкент ауылдық округіне қарасты Қызылкөл ауылындағы «Қайрат» балалар бақшасында ауыл тұрғындарының бастамасымен Созақ ауданының Құрметті азаматы, «Парасат» орденінің иегері, меценат, марқұм Қайрат Шерәліұлы Беркінбаевтың рухына арнап ас берілді. Өткен жылдың қараша айында 57 жасқа қараған шағында өмірден озған аптал азаматты ауылдастары еске алып, жиылып, берекелі бірліктің арқасында ауыл болып ұйымдасып өткізілген асқа үш жүзге жуық адам қатысты.

Расында Қайрат ағамыз туған ауылы үшін, ауданы үшін көзі тірісінде көп тірлік істеді. Жеке қаржысына балабақша, мектеп салу ісін Қазақстан бойынша ең алғаш қолға алған азамат екенін ел біледі. Қаншама мұқтаж азаматтарға қолдау жасады. Облыстық мәслихатқа депутат болған жылдары Шолаққорған-Ащысай бағытындағы күре жолдың салынуына қыруар еңбек сіңірді. Қайсыбір жылы аудан ардагерлерін өзі басқаратын Алатау бектерінде орналасқан «Табаған» демалыс-сауықтыру шипажайына шақырып демалдырғаны бір төбе. Асыл азамат аз ғұмырында көптеген сауапты істердің көшбасшысы болды. Сол себепті де есіл ердің есімін ауыл, аудан жұртшылығы ұмы-

туы тиіс емес. Асқа Қайрат ағамыздың жары Ләйла Сұлтанқызы, ұлдары Сағадат пен Сардар, бауырлары Бақыт пен Нақып Беркінбаевтар, әпкесі Сұлхан арнайы ат шалдырып еліміздің түкпір түкпірінен келіп, ауыл аймағымен қауышты. Астың біссімилласы қазаға бара алғаны бар, бара алмағаны бар көпшіліктің қатысуымен Қайрат Шерәліұлының рухына бағыштап құран оқылудан бастады. Одан кейін қайырымды азамат туралы «Қайрат» бала бақшасы ұжымының арнайы әзірлеген бейнекөріністері көрсетіліп, арасында Қайрат туралы құрметтік қауымның естеліктері айтылды. Ауыл әкімі Фани Пардабекұлы мен ауылдың қадірменді ақсақалы Сайлаубек Теңізбаев, ағайын-туыстары мен ел ағалары атынан Аяш апа Бекқұлықеліні, Есентаев Жұманалы, Бақыт Беркінбаев, Сұлхан Беркінбаева, Бақыт Досаев, Қошқарбай Ахметжанов, Пардабек Сақтапбергенұлы, Жақсылық Зұлпыхаров, Қайрат ағамыздың жездесі Шәбін көкеміз, білім саласынан Берік Тұрғанбаев, Мамыр Әбдиев, жастар атынан Зұлпыхаров Нышанғали және тағы басқа да көптеген кісілер игі ниеттері мен Қайрат туралы жылы естеліктерімен бөлісті.

Астың соңына қарай сөз алған Қайрат ағамыздың жары Ләйла Сұлтанқызы екі ұлын қасына

шақырып: -Айналайын балаларым бүгінгі жиылған көпшілік сендердің бауырларың, сендердің елің, Созақ елі сендердің атажұрттарың, әкелеріңнің, атабабаларыңның түп қара шаңырағы сондықтан да Қызылкөлді, Созақты ұмытпауларың керек. Бұл сендерге әкелеріңнің ақ адал аманаты. Мен айтайын, айтпайын ауылға келіп, елге келіп үлкендерге сәлем беріп тұрыңдар. Бүгінгі жиылған көпшілікке алғыстан басқа айтарым жоқ. Елеп, ескеріп бізді отбасымызбен шақырып, елді жиып ас бергендеріңізге шексіз ризамыз,- деді. Астан кейін қонақтар бала бақша жайымен танысып, бала бақша іргесіндегі “Ұлы іс ұрпаққа аманат” атты аллеяны аралады.

Аталмыш асты ұйымдастырған бала бақша меңгерушісі Нұржамал Құлжабайқызына да елдің шексіз алғысы мен ақ батасы жауған күн болды. «Өлі риза болмай, тірінің тірлігі өнбес» демекші, ұжымды, ауыл тұрғындарын ұйымдастыру, елді жиып ас беру, қонақ күтудің оңай шаруа емес екені белгілі. Десе де көптің оябынан шығып, асыл азаматтарын құрмет тұтып, оның рухына ас берген қызылкөлдідердің ұйымшылдығы көптің көкейінде ұзақ уақыт сақталары анық.

**Мақсат ЖЕҢІСҰЛЫ.**

### Аудан әкімі облыстық мәслихатпен келісілген кестеге сәйкес, ағымдағы жылдың 20 - 21 сәуір күндері Тасты, Шу, Жуантөбе ауылдық округтерінде және Қыземшек кентінің тұрғындарымен есепті кездесулерін өткізді

Жалпы 3 ауылдық округте және 1 кентте өткен жиындарға 436 адам қатысты. Олар негізінен жол, денсаулық сақтау, мәдениет, байланыс саласы мәселелерін көтерді. Жиында ауыл тұрғындары мен аудандық мекемелер, тиісті бөлім басшылары, құқық қорғау органдарының басшылары, БАҚ өкілдері қатысты.

Жиын соңында аудан әкімі М.Тұрысбеков ішкі істер органдарының басшылық құрамымен, мәсли-

хат депутаттарымен, жергілікті зиялылармен бірлесіп, азаматтарды жеке қабылдаулар өткізді.

Жеке қабылдауда 9 адам болды. Олар: жұмыссыздық, жер, тұрғын үй, байланыс (интернет), жол салалары мәселелерін қозғады. Жеке қабылдау барысында: азаматтарға заңға сәйкес тиісті жауаптар беріліп, проблемалық мәселелерді шешу жөніндегі іс-қимыл жоспары бекітілді.

### Аудан әкімінің халықпен кездесу барысында көтерілген проблемалық мәселелерді шешу жөніндегі іс-қимыл жоспары

Қ/с	Проблемалық мәселелер	Орындау мерзімі	Жауапты орындаушылар
1	2	3	4
<b>Шу ауылдық округі</b>			
1	Абай, Мұқанов көшелеріне көше жарықтандыру жұмыстарын жүргізу	Мерзімі: Жыл ішінде	Д.Досымбеков
Тасты ауылдық округі			
1	Тасты ауылында 75 орындық мәдениет үйінің құрылыс жұмыстарын жүргізу	Мерзімі: Жыл ішінде	Қ.Оразов, Ж.Борсабаев, М.Тілеулинов
<b>Қыземшек кенті</b>			
1	Мал өлекселерін тастайтын шұңқырдың құрылыс жұмыстарын жүргізу	Мерзімі: 01.10.2023 жыл	Қ.Оразов, Ж.Борсабаев, Е.Жұмбаев
<b>Жуантөбе ауылдық округі</b>			
1	Ауылдық мәдениет үйін ағымдағы жөндеуден өткізу	Мерзімі: жыл ішінде	Қ.Оразов, М.Ниязәліұлы, Д.Абраев
2	Мал өлекселерін тастайтын шұңқырдың құрылыс жұмыстарын жүргізу	Мерзімі: 01.10.2023 жыл	Қ.Оразов, Ж.Борсабаев, Д.Абраев



Бала Құралдың асқақ арманы кедесіне сыймайтын. Тезірек «Дәу жігіт болсам!» деп армандап, күшті денелі, батыр болу үшін қала ішіндегі спорт үйлеріне барып тұратын. Балалар үйіне келгелі көп жаңалықтар естіді. Ауылда жүріп көп нәрсені білмейді екен ғой. Тіпті дүниенің арғы бұрышына дейін самолетпен ұшып шыққан полюскиншілер туралы жаңалық дүниені дүр сілкіндіріп тұрды. Мектеп ауласындағы бел темірге шығып шыр айналып, аяғын теміріне іліп шалқайып көк жүзіне қарап салбырап тұра берді. Әлден уақытта мектеп ауласынан шыққан ұстазы Қабыл ағай:

—Әй Құрал, не ғып тұрсың салбырап, тірімсің? Жанына жүгіре жетіп жақындай берді. Сөйтсе бағанадан бері интернат терезесінен сырттай қарап тұрған екен.

—Ағай жәй тұрмын. Әншейін ойға



Ескі Мектеп

Мәскеу, 1936 жылы 20-22 шілдеде АНТ-25 самолетімен командирі В.П.Чкалов, екінші пилот Г.Ф. Байдуков, штурман Беляков үшеуі еш жерге қонбай Мәскеуден УДД аралына дейін 9374 шақырымды ұшып өтіп рекорд жасайды. Беляковтың бұл көзсіз ерлікке толы ұшу сапарлары 11-14 жастағы Құралға қатты әсер етеді. Ұдайы ойлайтыны ұшқыш болу, А.Б.Беляковтың ерлігін қайталау болатын. Беляковтың Сталинмен түскен суретін кереуетінің тұсына іліп қоятын. Ақыры Ұлы Отан соғысында Құрал баяғы бала кезінде өзі арман еткен, соған ұқсағысы келген қиялындағы кейіпкермен жүзбе жүз танысып, сол Беляковтың қол астында штурман болады. Арман аяқсыз қалмайды.

Жалпы Құралдың балалық бал дәурен шағы болған соң оның шежіресін де келтіре кетсек артық

# Қыран қанатты қыр ұлы

беріліп кетіпін,- деді. —Жап-жас болып неғылған ой? Одан да орыс тілі мен арифметиканы оқы!-деді ағайы кері бұрылып. Самолет дегенді Құрал әлі жақыннан көрген емес. Алайда темірден жасалған алып техника қалай аспанда қалықтап жүреді. Қанаты болса тіп-тік, қап қатты. Құстың қанатындай жоғары, төмен иіліп, жазылып, жиналып тұрса мақұл.Қақиған қанатымен, ап-ауыр болып аспанда қалықтап жүретініне сене алмай, атасы айтқандай құдайдың құдыретімен ұшса керек дейтін. Осылайша күн өткен сайын Құралдың көк жүзіне деген махаббаты тұтана түсті. Ешкіммен жуысып, достасып кету дегенді туа бітті бойына қалыптастыра алмаған ол жалғыз, оңаша отырғанды қалайды. Ауылда Алмалы, Итмұрын сайда он-он бес шақты үй отыратын. Үй кәділгі қам кесектен қаланған, төбесі итмұрын, жыңғыл, тобылғы, қамыспен өріле жабылып, лаймен сыланған қазақы қоржын там. Ортаңғы бөлмеде ерте көктемнен жаңа туған төлдер тұрады. Шығып кетпесін деп бұтақтан өріп ұяшық істеп, шимен қалқалап қояды. Үйдің күнес беті ақ жалақ тақыр. Осы тақырда ауыл балалары асық ойнайды, ләңін тебуден жарысады. Асылбектің Атабегі томпиған тығыршықтай бала, қызба мінезді,

отбасы мүшелері, ата-анасы жоқ немесе түгел емес балаларды Түркістан қаласындағы ашылған балалар үйіне жинады. Бір жағы Үкіметтің тапсырмасы, екінші жағы интернатты баламен толықтыру мақсаты болды.

Құралдың көктен іздегені жерден табылды дегендей оқып, білім алуды армандаған қиялы шындыққа айналды. Ата-анасынан Түркістан қаласына барып білім алып оқуға бару үшін рұқсаты мен ақ баталарын алу болды. Әкесі риясыз қуанса, анасы осы уақытқа дейін үйден ұзап көрмеген баласы үшін уайымға беріліп, Құралды ешқайда жібергісі жоқ еді. Алайда әке шешімі демекші, оқуға шұғыл жиналды. Баласын орналастырып, үкіметтің қолына өз қолымен тапсырып, оқитын, жата-тын жерін өз көзімен көріп қайту үшін жолға әкесі де қоса жиналды. Бірі тай мінген бірі бесті айғыр мінген әкелі-балалы екеуі таумен тіке салып Түркістан шаһарын бетке алды.

Интернаттағы өмір ертелі кеш білім алуды мақсат тұтқан ауыл балалары үшін таптырмас дүние болатын. Бәрі де оқуға, білуге, үйренуге құштар болды. Бос, құр уақыт өткізіп, селтең жүрісті ешкім жоқ. Таршылық, жоқшылық, қиыншылықты көп көріп, оқу-ілімді тек ар-



Бұдан кейін Құрал Қазақ Мемлекеттік университеті жанынан ашылған 3 айлық даярлық курсқа оқуға түсіп, студент болады. Сол жылдың күзінде жасы 18-19-ға толып соғыс комиссариатына шақырылады. 1940 жылы ата-анасынан рұқсат алып жолаушыларға еріп Түркістанға барып, одан пойыз жолмен Өзбекстанға өтіп сонда аэроклубқа оқуға түседі. 1948 жылы Тамбов қаласындағы ұшқыштар даярлайтын мектепке түсіп, оны ойдағыдай бітіріп шығады.

1943-44 жылы бас штурман болып Ұлы Отан соғысына ұшқыш болып кіреді. Тамбов облысы бұл Ресей Федерациясына кіретін Шығыс Еуропаның оңтүстік алқабында ОКСКО-Дон жазығындағы өңір. Тамбов аэроклубынан кезінде он Совет Одағының батыры шыққан. Көптеген «Қызыл жұлдыз» орденін иеленген қаһармандар бітірген, талай аспан, әуе рекордтары тіркелген ірі, танымал, әскери ұшқыштар мектебі болып саналады. Мен Құрал Рүстемов оқып, білім алған Жамбыл облысы, Мерке ауданы әкіміне, білім бөліміне хабарластым. Аудандық оқу бөлімі бастығының міндетін уақытша атқарушы Қуат Есболатұлымен хабарластым. Құрал Рүстемов оқыған Меркедегі мектеп интернат қазіргі таңда Тұрар Рысқұлов атындағы мектеп екен. Сәуір айының 13-ші жұлдызы күні Жамбыл облысы Меркі аудандық білім бөлімінің әдіскері Байтөлекова Жанар есімді қарындасымызбен хабарласып, зерттеу жұмыстарына қол ұшын беруді сұрандым.

1933 жылы кеңестік ұшқыштар Александр Беляков Г.Ф.Байдуковпен бірге Мәскеу- Қиыр Шығысқа ТБ-3 самолетімен ұшады. 1934 жылы Мәскеу-Варшава-Париж-Лион-Прага-

болмасы. Шоңбас атаның Бек, Баймұрат, Жолмұрат, Бұралқы, Қалмұрат, Жапек, Бекмұрат, Томпыш атты ұлдары болған. Баймұраттан менің нағашы атам Төреханов Тұрсын тараса, Томпыштан Рүстем, Берістем, Дастан, Құрал, Нақып, Жақып, Жарылқап тарайды. Жәку деген кісі Түсен ағамыздың әкесі. Бостан әнші Сәкен Қалымовтің нағашы атасы. Берістемнің ұлы Махмұт ҰОС ардагері, шаруашылық қайраткері, «Қызыл жұлдыз» орденінің иегері, «Батыр жауынгер» атанған азамат. Ұлы Ермек Сызған ауылы әкімінің орынбасары, Бейсенбі деген көкеміз Берістемнің үлкен ұлы. Ол кісіден тараған Рамазан Алматы қаласында тұрса, Махсұт Тараз қаласында тұрады. Одақ кезінде Республика дәрежесінде қызметтер атқарып, қазір Республикалық дәрежедегі дербес зейнеткерлер. Берістемнің кенжесі Жақсылық.

Құрал Рүстемовтің 100 жылдық еске алу шарасын Құралдың ет жақын туыс ұрпақтары мен Қ.Рүстемов атындағы мектеп ұжымы бірлесіп өткізгелі жатыр. Ниеттері қабыл, мұраттары асыл болсын! Уақтысында Құрал Рүстемов Кеңес Одағының батыры атағына ұсынылғанымен Кеңес өкіметіне қарсы шыққан Созақ ауданының перзенті болғандықтан тиісті дәрежедегі марапаты берілмеді. Құрал Рүстемов туралы алдағы уақытта үкімет тарапынан тың зерттеулер мен ерлікті жолына пара пар лайықты атағы қайтарылады деп ойлаймыз.

**Мақсат ЖЕҢІСҰЛЫ.**



көп қатарластарына мойын бермейтін өжет. Күзенбайдың Исатайы момын, алайда асықты шебер ойнайды. Момбектің Төлегені Құралдан бір-екі жас үлкендігі бар. Төлеген ерте есейіп, Хантағының шахтасына кетті. Нұртанның Аққұлысы, Тастыбайдың Бекұлысы осы Алмалы колхозының балалары күн ұзақ асық ойнайды. Дүйсенбектің Омарбегі, Берістемнің Махмұты бәрі бір ауылда тұрды. Кейін ауылдан ата-анасының жағдайлары төмен,

ман ғана деп ойлайтын жетім балалар мен тұрмысы төмен отбасы балалары үшін бұл бір жұмаққа енгендей еді. Интернаттағы жылдары қалай тез өте шыққанына Құрал еріксіз таңданады.

Құрал 1922 жылы Сызған ауылында дүниеге келген. 1932-35 жылдары інісі Нақып екеуі Түркістандағы балалар үйіне келеді. Одан Жамбыл облысы, Мерке селосындағы орта мектеп интернатты бітіреді. 1938 жылы комсомолға мүше болады.



(Соңы. Басы өткен санда).

-Өздерің түнде ұшып жаттықпағансыңдар, тағы да майданға асығасыңдар. Нағыз штурман күндіз де, түнде де ұша береді. Оған тұманың, бораның, жаңбырың, қарың-бәрі бір.

Қысқа мерзімді штурмандар мектебін бірітіп шыққан олар генерал-майор Александр Васильевич Беляковтан тәлім алды. Сол генералдың мектебінен өткен жас штурмандар ең әуелі Сталинград майданына жіберілді. Бұл-неміс-фашист армиясының Сталинградқа төңіп келе жатқан кезі болатын.

Құрал және оның штурман достарына берілген алғашқы тапсырма-Большие Россошки селосында бекінген жау күшін талқандау болды. Бұл селоға фашистер бар күшін таптастырған. Оны Сталинградқа барар тура жол деп есептеген. Дивизияларын, танк, трактор, автоколлонналарын сол селодан аттандырған. Сондай жойқын күшті талқандау Құрал Рүстемов пен Александр Черешнев бөлімшесіне сеніп тапсырылды. Олар «ТБ-3» ауыр самолетімен бір түннің өзінде бірнеше рет аспанға көтеріліп, әлгі жау бекінген селоны бомбалап қайтты. Село қою қара түтін астында қалды. Фашистердің бекініс, қоймаларын қиратты. Ертесіне Лихая, Моздок, Касторная темір жол станциясына келген жазу энцелондарын бомбаның астына алды.

Курган селосы үшін болған әуе шайқасында олар бір апаттан аман алды. Ол былай болған еді. 1943 жылғы январьдың аязды бір түнінде автобөлімнен екі самолет аспанға көтерілді. Бірін-Құрал Рүстемов, екіншісін-Трофим Пасиченко басқарды. Село үстіне таяна бергенде оларға фашистердің төрт-бес шолушы самолеттері кезігіп, аспанда атыс басталып кетеді. Құрал мен Трофим бомбаларын жазу объектісінің төбесіне тастап үлгереді. Селоның әр жерінен қою қара түтін бұрқ-бұрқ ете қалады. Сол арпалыс ұрыста самолеті бұзылған Рүстемов, Черешнев, Кошелов парашютпен секіреді. Жеңіл жараланған олар түнделетіп бір деревняға жетеді. Колхозшылар үшеуін жасырады. Талай қауіп-қатер төнеді. Бірақ фашистер оларды таба алмайды. Түнде жасырына жүріп, он шақты күннен кейін өз авиа полктарына жетеді. Сөйтсе, штабта оларды әуе соғысында опат болды деп қойған екен.

Ал штурман аға лейтенант Трофим Платонович Пасиченконың тағдыры олардан да қиын болған. Парашютпен жерге құлаған ол есін жиып қараса, айналада қарға көміліп жатады. Ауыр жарақатына қарамастан ілініп-қабынып село шетіндегі бір үйдің шарбағына иегін арта құлайды. Совет ұшқышы екенін таныған қаба сақал қарт оны сабанханаға жасырады. Таң ата бере фашистер шыға келіп:

-Совет ұшқыштарын қайда жасырдың, тап!-деп ақырады. Тіміскілеп жүріп Пасиченконы тауып алады. Комендатурасына апарып тергеді, азаптайды. Сол күнің кешіне қарай екі фриц оны сыртқа айдап шығып, өз көрін өзіне қаздырады. Тап осы кезде алыстан мылтық даусы естіледі. Екі неміс апыл-ұпыл тарс еткізіп Пасиченконы атады да шұқырға құлатып, үстіне тоң кесектерді тастай қашады. Әлден уақытта мұздай кесек астында қалған Трофим қыбырлап «көрден» сүйретіліп шығады. «Көр» жағасында отырып әлгі екеуінен қалған көйлегін (фрицтер жарар киімін де сыпырып әкеткен ғой) жыртып жарасын таады. Селоға қарай еңбектеп бара жатқанда, оның үстінен совет жауынгерлері шығып, санбатқа жеткізеді. Пасиченко бүгінде тірі, Орынборда тұрады.

1943 жылғы февральдің бас кезінде Совет Қарулы Күштері Сталинград майданында жауды жеңіп

# АСПАНДАҒЫ



қаладан қуып шықты. Онда фашист армиясының қоршауда қалып, он мыңдаған солдат-офицерлерінің қолға түскені бүкіл әлемге белгілі. Осы майданда штурман Құрал Рүстемов қызмет еткен авиа бөлімше басынан аяғына дейін қатысып, Ұлы Жеңіске өз үлестерін қосты. Василий Кошелевке, Құрал Рүстемовке, Михаил Сысуйевке жауынгерлік алғыс айтып, награда тапсырылды. Оларға кіші лейтенант атағы берілді.

Курск доғасы кезінде Құрал Рүстемов талай жауынгерлік тапсырманы орындады. Өзінің полктас командирлері аға штурман Б. П. Степин, саяси жетекші майор Х. С. Петросянец, эскадрилья командирі Г. З. Кацюржинский, гвардия майоры Н. Г. Афонин берілген тапсырманы мүлтіксіз орындайтын Құралға әрдайым тәнті болатын. Әуе шабуылынан оралған Құрал Рүстемов командиріне күлімдей келіп: «Жолдас командир, тапсырма орындалды» дейтұғын. Олар оның жауынгерлік тапсырманы осылайша

атаған. Сонда Құрал:

-Полк неліктен Счетчиков деп аталады?-деп сұраған.

-Счетчиков ерлігімен танысқыларыңыз келе ме?-деп алып майор әңгімесін бастаған.

Гвардия майоры Георгий Семенович Счетчиков осы полк штурмандарын түнде ұшуға даярлаған бірінші командир. Ол соғыстың алғашқы күндері жау тылына әлденеше рет ұшып барып, аса жауапты тапсырмаларды орындап жүрді. Қырық бірінші жылдың сентябрінде Шоста маңында фашистердің әуе торуылын бұзып өтіп, олардың соғыс объектілеріне бомба тастайды. «Мессершмидтің» біразы жабылып оны қолға түсіре алмаған. Аэродромға келіп қонғанда техниктер Счетчиков самолетінің төрт жүздей жерін оқ тескенін көреді. Оның осыншама бұзылған машинасы қалай жеткеніне біздің ұшқыштар қайран қалды. Бұл Счетчиков ерлігінің бірі ғана. Кейін ол талай ерлік пен тапқырлықтың үлгісін көрсетті. Сондықтан авиа полк Счетчиков

нюшкин, П.Степин, Қ.Рүстемов, В.Кошелев қызмет істейтін авиа бөлімшеге Брянск орманындағы партизандар отрядына қару-жарақ, азық-түлік, дәрі-дәрмек жеткізу, жау тылына барлаушы десанттар түсіру міндеті жүктелді. Бұл жолы оларды «ИЛ-2» самолетіне отырғызды. Самолет ішінде парашют, автомат, гранатпен қаруланған жиырма шақты десант бар. Команда бойынша Құрал машинасын жоғары көтере түсті. Алдындағы прибор 3000, 4000, 5000 метрді көрсете бастады.

Аспан жұлдыздары жымыңдап жақындай түскендей. Бұлай шырқау-жау назарына түспеудің әрекеті. Әлден тақта Құрал машинасын төмендетті. Астында украинна орманы қарауытады.

-Жолдас командир, Канаев қаласына жақындадық,-деді Құрал артына сәл бұрылып.

-Тағы да төмендет!-деді командир. Құрал самолетті фашистер армиясы бекінген Канаев қаласының терістік жағындағы қалың орманға қарай бұрды. Осы кезде:

-Дайындалыңдар!-деген команда берілді. Қаздай тізіліп қатар отырған десанттар тік тұрып, есік жаққа бұрылды. Бәрі парашюттарын ыңғайлап, секіруге әзірленді. Құрал артына енді бір қарағанда самолет ішінде ешкім де қалмапты. Самолеттен секірген десанттар қалың орманға түсті. Жау зенитшілері оларды сезіп қалып, оқтың астына алды. Осы бір арпалыста Құралдың самолеті бұзылып, орман шетіндегі көлшікке келіп қонды. Экипаждың екеуі жараланған, қалғаны аман. Олар қираған самолеттен шаңғыларын алып, кеше ғана жауған ұлпа қарды сызғылай жөнелді. Бет алысы-партизандар отряды. Алдынан көлденең бел кездесті. «Енді тура жүре беруге болмас» деп, төртеуі сай қуалай сырғыды. Тағы бір көлшікті айналып өте бергенде, басын таңып алған командир Николай Ганюшкин талықсып құлады. Артында келе жатқан Құрал командирінің басын сүйеп, омырау түймесін ағытты. Құтысынан су жұтқызды. Әудем жерге барып қалған Василий мен Петр оларға қайта келді. Аздап тыныс алды. Жан-жақты бағдарлады. Петр Стенин картаны алып:

-Партизандар отрядына жету үшін әлі де үш шақырымдай жүруіміз керек-деді. Құрал да картаға үңіліп:

-Мынау нүкте-деревня, онда немістер бар ғой, одан қалай өтеміз?-деді. Бұл сұрақ төртеуін де ойландырды. Шынында да ол деревняда немістер шоғырланған-ды. Оған жақындау мүмкін емес.



PhDr. Jozef Jambrich, PhD.,

мүлтіксіз орындайтындығына талай сүйсінген. Штурман Құрал Рүстемов сол бір ер жүрек командирлеріне еліктейтін. Олардың батылдығына қайсарлығына қызыға қарайтын. Ол осы полкқа алғаш рет келгенде, оларды қабылдаған майор Г.З.Кацюржинский авиа полкмен таныстырып, ер жүрек ұшқыштардың атын

есімімен аталады.

Счетчиков ерлігіне сүйсінген Құрал тағы да сұрақ қойды:

-Қазір Счетчиков қайда, онымен кездесуге бола ма?

-Ол бүгінде басқа дивизияда қызмет істейді. Асықпасаңдар әлі кездесесіңдер,-деген майор.

1943 жылдың сентябрінде Н.Га-



# АЙҚАС

Сондықтан олар саймен ылди төменге жылжи отырып, деревняны орағытып өтуге тиіс.

Таң бозарып ата бастады. Олар қалың орманды аралап ілгері берді. Бір кезде аспаннан гүріл естілді. Қараса, аспанда біздің бір истребитель жаудың екі «юнкерсімен» шайқасып жүр екен. Өздеріне белгілі аспан айқасына бұлар өнді жерден қарап тұр.

«Қалай, жүреміз бе?» деді Құрал. Осы кезде «Юнкерстің» бірі, қара түтінін құйырығынан шұбатып жерге қарай зымырай жөтелді. Одан секірген үш парашютшы қалықтап келеді.

Капитан Николай Ганюшкин:

«Рүстемов оң жағынан, Кошелев сол жағынан жүгіріңдер!» деді де өзі қалықтап келе жатқан неміс ұшқыштарына қарай жүгіре жөнелді. Олар алып ұшып төскейге жеткенде, орман тасасынан аңдып тұрған үш партизан да солай қарай лап қойып, олардан бұрын жетіп үшеуін қолға түсірді. Н. Ганюшкин «қап, кешігіп қалғанымыз-ай» деп өкінді. Оның өкінуінде де себеп бар еді. Әкесі соғыста өлген, үйі өртеніп, бір үйден бір өзі қалған ол фрицтерге жекпе-жек кездесіп, кегімді алсам деп тістеніп жүр еді. Николай шүңірек көз, аққас біреуін жағадан ала түскенде, ақ тонды екі партизан әрең ажыратып алды.

«Тіл» керек, штабқа апарамыз деген. Үшеуін алдарына салып, бәрі партизан штабына қарай бет алды.

1944 жылдың күзінде 54-Орлов дивизиясының ұшқыштарына неміс фашист басқыншыларына қарсы көтерілген чехословак халқына жәрдем беру жүктелді. Сентябрьдің аяқ кезінде Польша жерінің Кросно аэродромынан бір топ совет ұшқыштары Чехословакияға қарай бет алды. Соның бірі-гвардия лейтенанты Құрал Рүстемов басқарған



экипаж еді.

Міне, Кросно үйлері сіріңке қорабындай, автобустар, жеңіл машиналар балалар ойыншығындай, темір жол карта бетіне тартылған сызықтай боп көрінді. Олар әне-міне дегенше, ұшар басын қалың тұман басқан Карпат тауынан асып, Чехословакия аспанында қалықтады. Эволец, Ялна, Брезно қалаларының үстінен десанттар түсіріп, жаудың төбесінен бомба, снарядты сорғалатты.

Біздің қызыл қырандар чехословак көтерілісшілерін күшпен басып тастамақ болған фашист қарақшыларының әлегін аспаннан шығарды.

Бір жолы бұлыңғыр тұманды түнде гвардия лейтенанты Рүстемов «Үш емен» аэродромына жиырма шақты десант әкеп түсірді де, өз

полкына қайтып бара жатты. Дәл осы заматта оның өкпе тұсынан фашистердің бір «мессершмидті» тап берді. Қараңғы түнде аспан айқасы басталып кетті. Жақындап жанамалай берген неміс истребительіне Құрал бастаған экипаж оқ жаудырды. Жау да оққа оқпен жауап қатты. Құрал самолетін жоғары көтерді. Әлгі «Мессершмидт» ызыңдаған сонадай соңынан қалмады. Тағы да атыс, тағы да айқас. Құрал машинасын төмендетейін десе, астында біз емшектенген тау бастары қарауытып тұр. Бұрылып жалт берейін десе, оң-солы өз шебі емес, келе жатқан бағытынан таяды. Сондықтан ол не де болса жау самолетімен жекпе-жек шайқасып, атысып-қағыса бермек. Осы шешімге келген Рүстемов және

оның серіктері бірде астына, бірде үстіне шығып аласұрып жүрген жау самолетінің тура өзіне қарай ұмтылды. Бұл кезде ол жаудың көз жанарын қайтаратын жарықты жағып алды. Қарсы алдынан жарықты парлатып келе жатқан совет самолетінен «мессершмидт» тайсалақтап, шайқалақтап, ықтай берді. Құрал оған таяна түсіп, оқты тағы да боратты. Көзді алатын күшті жарықты бір өшіріп, бір жағып, оның әбден есін тандырды. Әлден уақытта құйырығына «қалжуыр» байлап алған жау самолеті жерге қарай құлдылай жөнелді.

Лейтенант Рүстемов өзінің машинасын кері бұрғанда, оның көп жерінің зақымдалғанын сезді. Жаудың себелеп атқан оғынан тесілген, тетіктері бұзылған самолет қанатынан оқ тиген сұңқардай аспан әлемінде аударылып-төңкеріліп келе жатты. Құрал Рүстемов өз достарына «абыржымандар, тегіс жер кездесе қонамыз» деп дем беріп қояды. Бірақ моторы істен шыққан самолет тегіс алаңға жете алмады. Ол Брезно маңындағы төбешікке соқтығып жанып кетті.

Таңертең чехословак партизандары мен совет ұшқыштары қалаға жақын төбешіктер арасына келіп құлаған самолет үстінен шығып, ішінен өртеніп кеткен алты адамның денесін шығарып алды. Олардың денесін қалаға әкеліп жерледі. Халқымыздың адал ұлдары, комсомол батырлары Чехословакия аспанында жауынгерлік тапсырманы орындау үстінде осылайша мерт болған еді.

Бұл күнде Брезно қаласындағы чехословак достарымыз совет қырандарына ескерткіш орнатқан. Онда «1944 жылғы октябрьде Брезно қаласында қаза тапқан СССР Батырларының даңқы мәңгі арта берсін! Мұнда жерленгендер: гвардия лейтенанты Құрал Рүстемұлы Рүстемов, аға сержант Дмитрий Иванович Беседа, гвардия старшинасы Василий Дмитриевич Шкуркин» деп жазылған.

**Нысанбек ТӨРЕҚҰЛОВ,**  
жазушы.

## Құрал қазақ халқының хас батыры еді...

«Бізде соғыс аяқталар шақта даңқты жеңіс күніне санаулы-ақ күндер қалғанда бауырлас Чехословакия жерінде болып едік. Сол кезде де өмірімнің ақтық сағатында Құрал басқан жерді бастым-ау, ол қаза тапқан бел-белестен астам-ау деген ой-көкіректе сайрап тұрады.

Сондықтан да бұл жерге, оны өсірген елге ерекше ілтипатпен қараймын. Соғыс жалынына шарпылып, ауыртпалығына алқынып, көрсетпей қиыншылығын бастан кешірген адамдарға, мұндайда сан-салалы ойдың оралы даусыз. 1944 жылдың октябрі. Словак және Чех халықтарының неміс фашистеріне қарсы ұлт-азаттық қозғалысының қызған шағы. Әсіресе словакияда көтерілісшілер қимылы күшейіп партизандық соғыс қыза түскен оларға қару-жарақ оқ-дәрі күн сайын керек. Қайдан алады? Әрине біз совет елі жеткізіп беруге тиіспіз. Жермен жеткізу мүмкін емес арада әлі ақтық жиып арпалысып жатқан жау. Әуемнен жеткізіп партизандар шоғырланған оймаққа самолетпен тостау керек. Мұндай жауапты да абыройлы іс. Құрал қызмет ететін авиополкке тапсы-

рылған. Бұл кезде гвардия лейтенанты Қ.Рүстемов эскадрилья командирі еді. Олар тапсырманы мүлтіксіз орындап жүрді. Соңғы ұшу... соңғы түн.. ойыңа алғанда, көзіңе де елестеткің де келмейді. Амал не? Солай болды. 1944 жылдың октябрінде 16-нан 17-не қараған түнде Құралдар кезекті сапарға аттанды. Күндіз әуеде көріну мүмкін емес. Ол кезде әсіресе Чехословакияда фашистер әуеде де жерде де үстемдік етіп тұрды. Истребительдері әуеде де, зениткалары жерде тыным бермейтін. Сондықтан түн көрпесін жамылып жау шебінен өту Құралдардың әдетіне айналған. Соңғы түн...

25 экипажды бастап гвардия лейтенанты Рүстемов келді. Жетті-ау бір кезде. Бірақ ол аймақ түн түнегімен қосыла қара бұлт қаптап осындай шақта жау зениткалары нысанаға алып оқ бората бастады. Қараңғы да, қапылыста маневр жасау қиын ғой. Жау зениткасының бір снаряды әуе кораблінің дәл моторына тиді. Самолет жана бастады. Құралдың биіктеуге шамасы келмеді. Құралды мен бірнеше рет жауынгерлік сапарға



шығарып салдым. Бірде жауынгерлік ұшу алдында ол маған былай деді: Мен үшін қиналмаңыз мен дала түлегімін. Аспан мен де танысып алдым, қаупті тапсырмаларды орындаудан тайсалмаймын. Осындай жауынгер, ер жүрек жауынгер екен ғой біздің Құрал. Бәрі-бәрі болып еді. «Үш емен» жерінде Құрал самолетімен жанып жатқанда өз басына төніп тұрғанқатерлі қауіптен тайсалмай, бірінші болып келген Словақтың қарапайым ғана әнші Зузона Скольшо-

ва. Бірақ ол кеш жетті, үлгері алмады. Құралдар келмеске кеткен еді. Бірақ бауырлар олардың күйген тәнін далаға қалдыра алмады. Зузона өз ері және көршілерімен бірге арулап көміп, бастарына уақытша белгі қойды. Олар қастерлер күннің алыс емес екенін білді.

Жеңіске жетіп, Чехословакия жері бостандық алды, ел тұрмысы қалыптасып ес жиды. Зузона өз қолымен қойған Совет ұшқыштарын есінен шығармайды. Брезно қаласының үкімет орнына айтып, олардың сүйегін қалалық зиратқа көшіруді өтінді. Солай етілді де. Бірақ ұшқыштардың аты-жөні белгісіз болып қала берді. Зузона бұған төзбеді. СССР Қорғаныс Министрінің орталық органы «Красная звезда» газетіне хат жазып, олардың кім екенін анықтады. Газетке жарияланған бұл хатты оқып мен Зузонаға газет арқылы олардың кім екенін анықтап бердім. Ескерткішке кейін аты-жөні жазылған қола тақта орнатты. Оған былай деп жазылған: «Мұнда Совет ұшқыштары гвардия лейтенанты Құрал Рүстемов, гвардия аға сержанты Беседа» деп жазылған.

Қабірде адам үзілмейді

ізін суытпай Зузона мен оның туған туысқандары келіп жүрді. Қабырға қамқорлық жасап, өздерінен неміс фашистерінен азат етуде апат болған ер жүректерді ұмытпай қастерлеп гүл шоқтарын ауыстырып тұрады. Мұндағы гүл де қысы жазы солмайды оған барып бас иген адам үзілмейді. Өз отаны үшін өз елінің азаттығы үшін шыбын жанын қасық қанын қиып, отқа түскен Құрал Рүстемов осындай жан еді. Ол ұлы жеңістің алғашқы қуанышын, оның кейінгі жемісін де көре алмай кетті. Бірақ рухы риза болуға тиіс. Сол жеңіс үшін отқа түскен азамат ұмытылмай келеді. Оны Чехословакия құрбан болған жері құрметтесе, туып-өскен ауылы ардақ тұтып мақтаныш етеді. Өз Отан үшін жанын қиған халықтың адал ұлын бүкіл еліміз болып мақтаныш етеміз. Құрал нағыз қазақ халқының хас батыры еді... Осындай ұл өсірген қазақ халқына Чехословакия халықтары ризалық білдірсе, оны біз мақтаныш санаймыз.

**Хачатур Сергеевич ПЕТРОСЯНЦ,**  
запастағы гвардия авиация полковнигі.



Көктемнің шуағымен айнала ерекше құлпырып, ажарланып тұр. Даладағы жусан иісі сарайыңды ашып, рахат сезімге бөлейді. Бетті өбіп, маңдайдан сипаған қоңыр желмен қызғалдақтар әсем тербеледі. Раң көтеріліп, малдар тойына бастаған. Жол жиегінде жағалай жылқылар жайылып жүр. Арасында жас құлындар да бой көрсетеді. Олар үйірдің шетінде еркін шапқылайды. Бабата ауылына жақындап келеміз. Көлігіміз-шөтелдік автокөлік. Тегіс жолда сырғып келеді. Айнала кілем төсегендей көкпенбек. Анда-санда бұлдырықтар пыр-пыр етіп ұшып қояды. Әп-сәтте-ақ ауылдың шетіне іліктік. Көшелер тап-таза. Үйлердің сырттары әктеліп, ірге тастары қара бояумен сырланған. Жып-жинақы тірлік жан сүйсіндіреді. Біз Шекербектің үйіне ат басын бұрдық. Үй иесі қонақжай, меймандос көңіл-күймен қарсы алды. Орта бойлы, дөңгелек жүзді азамат біздің көлігімізге қарай жүріп келіп, амандасты. Амандық сұрасқаннан кейін төрге озындар деп үйіне қарай бастады. Еңселі, шатырлы шаңыраққа еніп, қонақ бөлмеге келіп, табан тіредік. Жеңгеміз ас-суын әзірлеп, бәйек болып жүр.

Жайласып отырғаннан кейін Шәкенді әңгімеге тарттым. Ол мектепті бітірген соң ауылда қалып еңбек еткен. Әскери борышын өтеп келе сала кеңшарда шопан болған. Ауыл баласына бұл кәсіппен айналысу қиындық тудыра қоймаған. Әуелі көмекші шопан болып, тәжірибе жинақтаған ол уақыт өте келе бас шопандыққа ауысқан.

Жас, жігерлі жігіт қиындығы мен қызығы мол шаруаға білек сыбана кіріседі. Сонау өткен ғасырдың сексенінші жылдары Жартытөбе кеңшарының маңдай алды шопаны атанды.

Жаз жайлауы Көсегенің көк жоны болса, қыста Үшкөкшенің құмында мал қыстатады. Жаздың аптапты ыстығы, қыстың қытымыр аязы жас шопанды әбден шынықтырады. Оның үстіне қысы-жазы көшіп-қонып жүру-оңай шаруа емес. Қойды шөбі шүйгін жерлерге жайып семірту керек. Қоңды қой төлді мол беретінін шаруагер шопан жақсы түсінеді.

Әсіресе қысты күндері жайылымды тиімді пайдалану жағын үнемі назарда ұстау керек дегенді айтты Шәкен сұхбаттасу барысында.

«Сол кездері күзгі күйектен кейін малды құмға айдайтынбыз. Қыстау қоралардың бәрінде тұрғын үй бартын. Күзде Мырзабайдың даласында күйекті өткіземіз де, қараша айының аяғында құмдағы қораға көшіп барамыз. Шопандар үшін мал қыстау да жауапты науқан. Көшіп барған бетте біраз жерлерді қорық етіп қоямыз. Оған сексауылдан арнайы белгілер жасаймыз. Оны «қорық» деп атаймыз. Бұл аймаққа қыстың жартысы ауғанша малды жаймаймыз. Ал тауға көшуге тақалған уақытта әлгі жерге малды жайып, буаз малдарды сонда бағамыз. Өйткені саулықтар төлге дейін қонын жоғалтпау керек. Осындай мал жаюдың өзіндік тәсілдері бар. Күн ұзаққа малдың соңында жүргеннен кейін оның бағу тәжірибесін де үйренеді екенсің. Қыстау қорада ағамыз Амантай Оспановпен қатар отырдық. Сол кезде қой ауылда керемет қызықты күндеріміз өтті. Шопандар бір-бірімізді ерулікке шақырысып, үйімізден дәм татысып, арқа-жарқа әңгіме құратынбыз. Еруліктен бөлек шопандар бір-бірлерінің туған күндерін атап өтіп, мәре-сәре болатын. Ауылға автодүкен, автоклуб жиі келетін. Газет-журналды да апта сайын тарататын. Етіктеріміздің қонышында «Жұлдыз», «Жалын» журналдары үнемі жүретін. Мәдени шаралар қой ауылға келіп көп өткізілетін. Үгіт-насихат автокөруендері де жиі арнайы келіп тұратын. Озат шопандардың тәжірибесі таратылатын.

Жаз айында сексенінші жылдардың ортасында Бетбақдалаға мал айдап, күзге дейін сонда отарымзды жайып семіртетінбіз. Сонда сол жай-



## Сауранбайдың саңлағы

ылымға жету үшін он күннен астам жол жүріп, асықпай жайып баратынбыз. Сонау Батбақтағы Домбыға дейін барған кездеріміз болды. Жаз айы Бетбақтың кең даласында өткізетінбіз. Кең жазира даланың табиғаты керемет-тің. Ол жақтың жусандары биік өседі. Қойлар жусанды бырт-бырт үзгенде қызыға қарап, сүйсінетінбіз. Сондағы даланың шөбінің қалыңдығы ойсаң болатын. Аз ғана уақытта мал дөңгеленіп, семіріп, шыға келетін. Арқаның салқын самал желі малға да, адамға да жайлы ғой. Бетбақтан қайтар кезде қойлар өте семіз болып, күзгі күйекке сол қоңын жоғалтпай түсетін. Күйлі қойлар күйектен жақсы өтетін.

Қой жайып жүргенде жыл сайын төлді алдыңғы қатарлы шопандардың сапында өткізетінмін. Әрине мол табысқа жету үшін көп еңбектену керек болатын. Бел шешпей шаруа атқарудың арқасында табыстың тай қазанын тасыттық. Мемлекетке ет, жүн, тері өткізуден белгіленген мөженің үдесінен шығып жүрдім.

Өмірлік жолдасым Қымбат Сапарбаева еңбек меймандосы атануыма мол үлес қосты. Күні бойы аяздың өтінде, жаздың аптапты ыстығында ас-суынды әзірлеп отыратын жарымның орны бөлек. Үйіңді жылытып, асын дайындап, келуіңді күтетін асыл жарларымыздың да еңбектері ерен. Ер азаматтарымен бірге олар да барлық шаруаны атқаруға көмек берді.

Қой ауыл сол кездерде қонақтардан арылмайтын. Келген кісілерге жылы қабағын, меймандос пейілін танытатын асыл жарларымыз ғой. Дана халқымызда: «Желіп жүріп жер таны, асыңды беріп ел таны» дегендей көптеген елге танымал адамдармен дәмдес-тұздас болдық. Дастарханамыздан дәм татып алғыстарын жаудырып кететін.

Кеңшар басшылары да сырттан келген қонақтарды озат шопандардың үйіне түсіріп, қонақ ететін. Міне, шаруашылықтың алдыңғы қатарлы еңбек меймандосы болған соң, біздікіне ат басын жиі бұратын. Одан біздің ырысымыз азайып қалмайтын. Қонақ келсе, қуанып қалатынбыз. Ауыл-аумақтың шопан-малшылары, кеңшардың механизаторлары, шаңырағымызда болып, шаттыққа бөлейтін. Қазір кейде сол кездер есіме түсіп, сағынатыным бар.

Әлгінде жеңгең жайында айттым ғой. Ол үй шаруасына өте пысық. Сиырлардан шелек-шелек сүт алып, ұйытып, айран жасап, күбімен пісіп, майын алып, құрт қайнатудың шебері. Қой ауылда үйімізден қолдың майы, ірімшік үзілмейтін. Жеңсік ас ретінде қалада тұратын туысқандарымызға да жіберіп тұратынбыз. Қазір Қымбат осы кәсібін келіндеріне үйретіп жүр.

Кезінде озат шопан ретінде Румынияға бірталай еңбек озаттары қатарында барып қайтқаным бар. Сонда

өзіммен бірге құрт, ірімшік, жент, қатырылған уыз алып бардым. Шет елдің азаматтарына өзіміздің ұлттың дәмінен татырдым. Әлгілер сүйсіне ауыз тиіп, алғыстарын жаудырды. Мерейіміз өсіп, қанаттанып қалдық. Сол елде 23 күндей туристік саяхатта болып, қыдырдық. Қаратеңіздің жағасында болдық. Бұл 1986 жыл еді. Барлық ауданнан кісілер бірге барды. Қарпат тауының басына шықтық. Еңбек меймандарының қатарында ел, жер көріп қайттық. Талай адамдармен сырласып, пікірін тыңдадым. Арамызда шопандар да бар-тын. Олармен тәжірибе алмастым. Аз ғана уақыттың ішінде барған кісілер бір-бірімізге бауыр басып қалдық. Кейін көпке дейін хабарласып, хат жазысып тұрдық.

Бертін келе өзіміз де жас шопандарға тәлімгер болып, ұстаз атандық. Осы кәсіптен жинаған тәжірибемізді оларға үйреттік. Қой бағу оның ізінен еріп жүре беру емес, оның да көптеген өзіндік сырларын бар екендігін жастардың бойына сіңіре білдік. Өзім де кезінде көңілі шопандардан үйреніп қалыптасқанмын. Соны інішектерге ағаларынан үлгі ретінде ұсындым. Қазір кейде сол жігіттер кездесіп қалса, жылы сәлемін беріп, өткен күндерді еске алып, қауқылдасып қаламыз. Өмір бір орында тұрмайды екен. Заман өзгерді. Баяғы шаруашылықтар тарқады. Содан тоқсаныншы жылдардың қиындығы келді. Қиын күндерді бастан өткердік. Десе де ол уақытта болған кезеңде мойығанымыз жоқ. Тіршілігімізді жасадық.

Бабатадағы мектепке шаруашылық ісінің меңгерушісі болып жұмысқа тұрдым. Білім қызметкерлерімен бірге қызмет атқардым. Жас жеткіншектер тәрбиелеу ісімен айналысып жүрген мұғалімдерге қолынан келген барлық тірлігімізді жасап жүрдім.

Мен 1959 жылы қараша айында дүниеге келгенмін. Осы Бабата ауылында кіндігімің қаны тамып, бала күнімді туған жерде өткіздім. Қасиетті мекенде мектеп табалдырығын аттап, М.Мәметова атындағы орта мектепте білім нәрімен сусындадым. Ой санамызды дамытып, саналы тәрбие, сапалы білім берген ұстаздарымыздан алған ғибратымыз мол. Аталған мектепті ұзақ жылдар басқарған Ахметбек Сопбековтің ағалық ақылын тыңдап өстік. Кейін қарамағында жұмыс жасадым. Ол кісіден көп нәрсені үйрендім. Үнемі қасынан тастамай алып жүретін. Ағамыздың арқасында көптеген игі жақсылармен табақтас болдым. Әңгімелерін тыңдадым. Аудан көлеміндегі, сондай-ақ, облысымыздың басқа аудандарына да бірге барып, сапарлас болдым. Ахметбек аға ғибратты әңгімелерді көп айтатын. Тарихшы болғаннан кейін көне хикаяттарды молынан білетін. Сапарлас болған сәттерде еш жалықтырмайтын. Бибісара апай да өте сал-

мақты, білімді кісі еді. Ақыл-парасатымен ауылдағы қыз-келіншектерге үлгі болды. Тәрбие тақырыбына көптеген шаралар ұйымдастыратын. Жүрегі кең, мейірімді, білікті ұстаз ауылымыздың мақтанышты тұғын. Бабатаның ел құрметтейтін, қадір тұтатын анасы болды. Ал, Ахметбек аға бүкіл Созақ ауданына танымал абыз қария бола білді. Туған жер, өскен өлке қашанда адамға ыстық әрі қымбат. Менің дүниеге келген жерім Сауранбай. Сол кезде шағын елді мекенің дәурені жүріп тұрған кезі. Бүкіл бір ферманың қырманы дүбірлі еңбекке толы болатын. Онда дүкен де бар еді. Табиғаты керемет, дәл іргесінде сарқырап өзен ағып жатыр. Малшылар да көбінесе Сауранбайда бас қосып, мәре-сәре болып жататын. Өзеннің суына шомы-

лып, шөңгелінің жуасын теріп өстік. Мұнда бұрын бәрі қызық тұғын. Қайран жастық шақты еске алсам, сол кездерді сағынамын. Балаларымызға соның бәрін айтсам ертект сияқты. Ал, біздің көз алдымызда. Кіндік қаным тамған Сауранбайға барып туған жеріме аунап-қунап қайтып жүрмін. Сөйтіп сағынышымды басамын. Балаларымды ертіп барып, табиғатын тамашалап қайтамыз. Әрине туған жер ыстық қашанда!

Өткен күнге оралып, балалық шаққа саяхат жасап тұрамын.

Пайғамбар жасынан асып, қариялыққа бет бұрдық. Енді отбасымызда бала шағамыздың қызығын қызықтап, немереміздің шаттығына бөленіп отыру-бізге үлкен бақыт деп есептеймін. Қымбаттың қою күрең шайын ішіп, балаларыма ақсақалдық ақылымды айтып, немерелерімді тәрбиелеп, шөберемнің қолынан май жаласам деген ниетім бар.

Айтпақшы шопандық кәсіпті біраз жылдар айналдырғаннан кейін, кеңшарда механизатор болдым. Темір көлікті тізгіңдеп, біраз жылдар трактор айдадым. Алыстағы мал отарларына жем-шөп тасыдым, шөп жинау науқанына қатыстым. Мақтанғаным емес өзіме бекітілген техниканы кідіріссіз жүргіздім. Ұжымдастарымның ортасында еңбекқорлықпен құрметке бөлендім. Бұл саланың дананын жеп, бала-шағамды асырадым. Қазір үйде қарап отырғаным жоқ, үй іргелік жерге тал отырғызып, бау ектім. Жемісін немерелерім жеп жүр. Азын-аулақ қолымда төрт түлігім бар. Жылқы, сиыр, қой, ешкі дегендей. Соларға қараймын. Денсаулығым жақсы. Соның арқасында отбасымыз еттен, сүттен тарыққан емес. Қарашаңырақта ұлым мен келінім бар. Біздің қолымызды ыстық суға малып отыр. Бұдан артық бізге не керек?

Балалардың барлығын аяқтандырып екі ұл, екі қызым бар. Бәрін оқыттық, тоқыттық. Ұлды ұяға, қызды қияға қондырдым. Бір ұлым мұғалім, бір қызым медицина қызметкері. Қолдағы балам М.Мәметова мектебінде істейді. Келінім мұғалима. Бұлар Абзал, Асқар, Мәдина, Мәлика есімді перзенттерім ғой. Олардан немерелер өсіп келеді, деп Спабеков Шекербек өз өмір жолынан сыр шертті.

Бабата ауылының тұрғыны Сауранбайдың саңлағы Ш.Әсетбекұлы сонау жылдары еңбек етіп, елдің құрметіне бөленіп, бұл күндері зейнеткерліктің дәмін татып, ұл-қыздарының, немерелерінің қызығына бөленіп отыр.

Шекербектің шаңырағынан жарасымды отбасының берекелі тірлігін көріп, аттандық.

**Сәрсенбек ТЕҢІЗБАЕВ,**  
**Қазақстан Журналистер**  
**Одағының мүшесі.**



## Қарақұр ауылдық округі әкіміне үміткер Сейтмаханұлы Нұрмаханның БАҒДАРЛАМАСЫ



Қымбатты қарақұрлықтар!

Мен Сейтмаханұлы Нұрмахан, қасиетті Созақ ауданының төл перзенті ретінде туған өлкемнің тарихын да, халқымның басынан өткен қиын-қыстау кезеңдерін де жақсы білемін. Жоғары оқу орнын бітіргелі бері алған білімімді туған өлкемізді көгертіп көркейтіп дамытуға белсене араласып келемін. Ең бірінші өзімнің күш-жігерімді ауылдың гүлденуі мен өркенденуіне жұмсаймын. Барлық жинаған тәжірибемді ел игілігіне жұмсап, халықтың бірлігі мен ынтымағына арнасам деймін. Мен халық сеніміне ие болып жатқан жағдайда, Қарақұр ауылы төңірегіндегі мынадай өзекті мәселелерді алға тартып, оны шешудің жан-жақты жолдарын қарастыра отырып, оң шешімдерін табуға қызмет жасайтын боламын:

Ағарту және денсаулық сақтау саласы қызметкерлеріне жан-жақты қолдау көрсетуді жолға қою. Білім беру және денсаулық сақтау мекемелерінің материалдық-техникалық базасын нығайту үшін жұмыс жасау.

Ауданның, ауыл-ауылдың абаттандырылуына, авто көлік және жаяу жүргінші жолдарының уақытылы өз дәрежесінде сапалы салынуына, ықпал ету. Біздің келешегіміз, жас өскелеңдердің бойында салауатты өмір салтын қалыптастыру мақсатында спорт алаңдары мен мәдени орындарын көбейту, шығармашылық белсенділіктерін насихаттау және дамыту үшін балалар мен жастардың бос уақытын тиімді өткізуге қолайлы жағдай жасау.

Шағын және орта бизнесті дамытуға арналған «Даму» қорына, «Бизнестің Жол картасы -2025», Нәтижелі жұмыспен қамту және жаппай кәсіпкерлікті дамытудың 2021-2025 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламаларына қолдау көрсетіп, жан-жақты көмек беру.

Халықтың әлеуметтік жағдайын нығайтуда, тыл және еңбек ардагерлеріне, ауған, тәжік-ауған соғысы, желтоқсан ардагерлеріне, аз қамтылған отбасыларға, мүгедек жандарға, мүгедек балаларға, жетім балаларға қолдау көрсетіп, қамқорлық таныту. Еңбекке қабілетті азаматтардың жұмыспен қамтылуын, мамандық алуын назарда ұстау.

Қызмет тиімділігін көтеру және толыққанды жақсы нәтижелер шығару мақсатында басқару және инновациялық технологияларды енгізуге қолайлы жағдай жасау. Ауыл тұрғындарының әрбір ұсыныстарына қолдау көрсетіп және жүзеге асуына ықпал ету. Мал жайылымдарын заңдылық тұрғысында ретке келтіріп, жекеменшік малдардың жайылымдарын қарастыру. Шаға, Раң ата ауылдарынан мәдениет үйлерін салу үшін аудандағы тиісті орындарға сұрау салу. Қарақұр ауылынан ауыл түлектерінің, өндіріс орындарының демеушілігімен «Жастар үйін» салу. Жұмыссыз жүрген жастарға жұмыс орындарын ашу мәселесімен жұмыс жасау.

## Қарақұр ауылдық округі әкіміне үміткер Сабиров Марат Қайратовичтің сайлауалды БАҒДАРЛАМАСЫ



Құрметті сайлаушылар!

Ең бірінші өзімнің күш-жігерімді ауылдың гүлденуі мен өркенденуіне жұмсаймын. Барлық жинаған тәжірибемді ел игілігіне жұмсап, халықтың бірлігі мен ынтымағына арнасам деймін. Ел игілігі үшін жасап жатқан мемлекеттік бағдарламалардың жүзеге асырылуына ат салысып, аудан экономикасының өрлеуіне, ауыл халқының әлеуметтік тіршілігінің жақсаруына бағытталған жұмыстардың нақты жүзеге асуына бар күш жігерімді жұмсаймын.

Алдымен шаруаларға түрлі қолдау қорлары арқылы несиелендіру ісін жолға қою;

- «Қазатомөнеркәсіп» ҰАК-мен тұрғындардың қарым-қатынасын жаңаша деңгейге көтеру, жасалынған келісімдердің орындалуын қамтамасыз ету.

Жұмыссыздық деңгейін төмендету жұмысын жалғастыру. Аудан көлеміндегі өндіріс орындарында жұмыс істейтін ауыл жастарының үлес салмағын арттыру, ауданымызда дайындалатын жұмысшы мамандықтар бойынша ҚР «Жұмыспен қамту-2020» бағдарламасын пайдалана отырып, жастармен жұмыс жасау жүйесін қалыптастыру, Ол үшін әрбір бос орынға, ашылған жұмыс орындарына қатаң бақылау орнату; Жұмыссыздық деңгейін барынша төмендету мақсатында жастарға несиелі беріп, кәсіпкерлікпен айналысуға жағдай жасау; Бірінші кезек бірде-бір жұмыс істемейтін отбасыларын жұмыспен қамтуға күш саламын. Ауылға қажетті, қоғамға тапшы мамандық иелерін «Дипломмен ауылға!» бағдарламасы бойынша елге әкеліп, баспаналы және жұмысты болуына ықпал еткім келеді; Ауылда үй құрылысын дамыту арқылы көп балалы, тұрмысы төмен отбасыларды тұрғын үймен қамту. Ауыл жастары мен оқушылар арасындасалауатты өмір салтын насихаттау және құқықтық-патриоттық тәрбие беру мақсатында тиісті заң қызметкерлерімен бірлесіп отырып жұмыс жүргізіп, іс-шаралар өткізу арқылы қылмыстың азаюына ықпал ететін.

Аудан бюджетінен Чернобыль апаты зардаптарын жоюға қатысушыларға, көпбалалы және жалғызбасты аналарға әлеуметтік, коммуналдық жеңілдіктер көлемін ұлғайту басты мақсаттарымыз бірі болады. Мұғалімдердің еңбек демалысында санаториялар мен курорттарда демалуына тиісті салалық кәсіподақтар арқылы жағдай жасау;

Жас педагогтар мен дәрігерлерді пәтермен қамтамасыз ету; Әкім болсам, қызмет барысындағы мақсат мұнымен шектелмейді. Өмір тұдырған, сондай-ақ күнделікті қажетті мәселелерді күн тәртібінен түсірмей қауымдастық мүшелерімен бірлесіп шешуге атсалысу менің ұстанымым.

«Жаңашыл қоғам- жастарға мол қуат береді».

## Қарақұр ауылдық округі әкіміне үміткер Бимендиев Ғалым Абдрашұлының БАҒДАРЛАМАСЫ

Қадірлі жерлестер!

Қымбатты сайлаушылар!

Мен өзімнің біліміммен жинақтаған өмір тәжірибелерімді, оның ішінде 15 жылдан астам мемлекеттік қызметкер ретінде өкілетті органның ішкі ұйымдық жұмыстарынан алған іс- тәжірибемді ескере келе осы сайлауда үміткер ретінде өз бағымды сынағалы отырмын.

Маған осындай мүмкіндік берген, сіздерге алғысым шексіз және сіздердің сенімдеріңізді ақтауды өз парызым деп білемін.

Сайлау кезінде сайлаушылар шынайы демократияның мәнісін, Конституциялық құқықтарын пайдалана отырып, кандидаттарға дауыс беріп, таңдау ол өз болашақтарын таңдау екенін, өз өңірлерінің дамуы - өздерінің таңдауына тікелей байланысты екенін жақсы түсінетініне сенемін.

Қарақұр ауыл әкімі болып сайлануға өз кандидатурамды ұсына отырып, сайланған жағдайда мен сіздердің алдарыңызға өзімнің азаматтық парызымды, сайлаушыларға берген уәделерімді, сайлауалды бағдарламамды орындайтын

### Өмір дерегі

Мен Бимендиев Ғалым Абдрашұлы 1977 жылы 14 қазанда Созақ ауданы, Қарақұр ауылында дүниеге келдім. 1994 жылы Қарақұр жалпы орта мектебін бітірдім. 1994 жылы Әл-Фараби атындағы Қазақ мемлекеттік ұлттық университетіне түсіп, 2001 жылы осы аталған университеттің философия факультетін философия мамандығы бойынша бітіріп, Философия пәнінің оқытушысы біліктілігін алдым.

Еңбек жолымды 2005 жылдың мамыр айында Қарақұр ауылы әкімі аппаратының бас маман іс басқарушысы заңгер қызметінен бастадым. 2012 жылдың мамыр айынан 2014 жылға дейін кәсіпкерлік саласында жұмыс жасадым. 2014 жылдың қазан айынан бастап Қарақұр ауылдық округі әкімінің кеңесшісі-іс басқарушысы қызметіне тағайындалдым.

Отбасылымын.



ауыл әкімі болатынымды шынайы сезіммен айта аламын.

Алдағы сайлауда Сіздердің таңдауларыңыз маған түсетініне сенемін. Өйткені, сіздермен қоян-қолтық араласып, бірлесіп отырып, өңірдің экономикасын, әлеуметтік-мәдени саласын дамытуға үлесімді қоса беремін. Ортақ істер бізді бірімізге-бірімізді жақындата түседі.

Ауылдық округ әкімі ретінде мен мына мәселелерге баса назар аударып, оларды тиянақты шешуге күш-жігерімді жұмсаймын.

-2023-2024 жылы Қарақұр ауылдық округі әкімі аппаратының әкімшілік ғимаратының құрылыс жұмыстарын ағымдағы жылы бастап, келер жылы пайдалануға қабылдау;

-Алдағы 4 жылдықта ауылдық округтегі қажеттілігіне қарай ауыл көшелерінің жолдарын жөндеу (асфальт) және жарықтандыруды 100 пайызға ретке келтіру;

-2023 жылы Қарақұр ауылының Наурыз, Құрманғазы көшелеріне жарықтандыру жүйесін жүргізу;

-2023-2024 жылы Қарақұр елді мекенінде күз айларында ауыз судың тапшы болуына байланысты елді мекеннен қосымша бір ұңғыма құдық қаздыруды ұйымдастыру;

-2023-2024 жылы Қарақұр ауылы орталығынан жабық үлгідегі спорттық кешен салуды ұйымдастыру;

-2024 жылы Қарақұр елді мекенінде «Бекери» құрылысын салуды ұйымдастыру;

-2023-2024 жылы Шаға елді мекенінде өндіріс орындарын тарта отырып заманауи спорт алаңшасын салуды ұйымдастыру;

-2023-2024 Қарақұр тоғанына дейін, мектеп бітіруші түлектердің демеушілігімен салынып жатқан 2,2 шақырым көтерме тас жолы бойын қоршай отырып, тал көшеттерін отырғызуды ұйымдастыру;

-2023 жылы «Батыр боламын» қоғамдық қорының жобасы аясында бөлінген спорттық жабдықтарды бос тұрған ескі мектеп ғимаратының бір бөлігін күрделі жөндеуден өткізіп, ығайластырып аталған спорттық жабдықтарды орналастыруды ұйымдастыру; демеуші тарту есебінен

-2023 жылы Раң, Шаға елді мекенінің ішкі жолдарына асфальт төсеуді ұйымдастыру;

-2024-2026 жылдары Раң елді мекеніндегі тоғанды жаңадан салу арқылы елді мекеннің төменгі жағындағы суармалы егістік жерлерді ел игілігіне пайдалануды ұйымдастыру;

Мен бюджеттің шектеулі екенін түсінемін, барлық мәселелерді шешу мүмкін емес. Сондықтан қосымша қаржыландыру көздерін іздеу арқылы:

-Ауылдық округ жастарының бос уақытын тиімді пайдалану, салауатты өмір салтын қалыптастыру мақсатында жұмыстар жүргізуге;

-Ауыл ішіндегі мәселелерді дәстүрге айналған мерейтойлық кездесу ұйымдастыратын мектеп бітіруші түлектердің демеушілігімен шешу жұмыстарын жалғастыруға күшімді саламын.

-Кәсіпкерлік және ауыл шаруашылығы саласындағы мемлекеттік бағдарламаларды ұтымды пайдалану арқылы халықтың табысын арттыру мақсатында 2,5 пайыздық несиені барынша қол жетімді етіп жаңа кәсіптер ашу, мал басын асылдандыру, ауыл шаруашылығы техникаларын жаңарту жұмыстарын ұйымдастыруға;

-«Халық үніне құлақ асатын мемлекет» тұжырымдамасы негізінде халықпен бірге болуға, ауыл тұрғындарымен бірлесіп отырып түрлі шараларды ұйымдастыруға;

-Халықтың әлеуметтік осал топтарын қолдап, жұмыссыздық деңгейін төмендетуге, әлеуметтік көмек көрсетуге;

-Отбасылық құндылықтар мен салауатты өмір салтын насихаттауға, ауыл жастарына рухани-патриоттық тәрбиеге баулуға;

-Ауыл аумағын көркейту, тазалық, абаттандыру жұмыстарына үлесімді қосамын.

Сайлауға келіңіз! Мен үшін дауыс беріңіз!



Күндей күркіреп өткен неміс-фашист басқыншыларымен соғыстың аяқталғанына да 78 жыл толыпты. Уақыт озған сайын мән-мағынасы зорая бермек. Аудан бойынша соғысқа қатысқан мыңдаған ардагерден биылғы Жеңіс күніне Мырзахмет көкеміз ғана қуә болатыны көңілге аздап қаяу түсіреді.


Қазіргі Жартытөбе ауыл әкімшілігінің орнындағы төрт колхоздан да соғысқа қаншама жан аттанды десеңізші?! Аққолтық ауылында 2011 жылы орнатылған майдангерлерге арналған монумент-obeliskіде 88 адамның есімі тасқа қашалып жазулы тұр. Тізімге еңбей қалғандары да болуы мүмкін.

Соғыс зардабы тимеген шаңырақ ауылда жоқ десе де болады. Кейбір отбасынан 2-3, тіпті 4 адамға дейін майданға алынған. Сондай үйлердің бірі - соғыс басталғанда 40 жасқа енді толған Қошанов Дәулетбай атамның шаңырағы болатын. Мәпелеп өсірген ұлы Омарбектің жасы 20-ға жетер-жетпес шағында, яғни 1941 жылы әуелі әкесін, кейіннен баласын Отан үшін жаумен шайқасуға әскер қатарына шақырды.

Күйеуі мен ұлын бірдей қанқасапқа аттандырған Сұлхан әжеміз мойымай, тағдырдың басқа салғанына көніп, құдайдан күні-түні елдің амаңдығын, әскеріміздің жеңісін, ет жақын екеуінің ауылға дін-аман оралуын тілеп, колхоз жұмысына қолғабыс етумен халықпен бірге күн кеше берді. Әйтпесе, мұндай ауыртпалықты қазақтың қайсар әйелдері ғана көтере алса керек.

Әлқисса, әкесі-Қошанов Дәулетбай 1901 жылы туған, соғыс басталғанда колхоздың түрлі саласында бел шеше еңбек етіп жүрген азамат еді. Майдандағы екі жылда соғысып қана қоймай, туған жерін, елін, отбасын, ауылын, өзiмен қатар соғыста жүрген Омарбектей перзентін бір сәт те естен шығармағанын шамалаймыз.

Біздің қолымызға тиген карта-сызба бойынша пайымдасақ, Созақтың сайын даласынан басталған ерлік үшін жорығы Украина, Подмосковье, Қырым түбегі, Краснодар өлкесі,



Воронеж, Мәскеу арқылы Санкт-Петербург маңында тәмамдалғанын көреміз. Оған дәлел, 1943 жылғы 10-шілдедегі атқыштар дивизиясының қаза тапқан әскер құрамы туралы тізімі. Бұл құжатта орыс тілінде жазылған төмендегідей жазба бар:

...КАШАНОВ ДАВЛЕТБАЙ. Красноармеец, Стрелок. Южно-казахстанская область. Сузакский район. колхоз Уштубе. 1901 г.р. Убит 8.7.43г. Жена Кашанова Сулхан. адрес: по месту рождения... деген сөздер бар. (осы бойынша "қара қағаз" жіберген болуы мүмкін) Күйеуінің қаралы хабары келгеннен кейін, Сұлхан әжеміз жаратқаннан жатса-тұрса ұлы Омарбектің амаңдығын тілеумен болды. Дәулетбайдың ұрпағы жалғасса екен деген іштей зор арман-ниеті бар болатын. Аның арманы орындалып, баласы соғыс аяқталған соң, біршама уақытта елге аман-есен оралып, туған-туысты қуанышқа кенелтті. Ендігі сөзді Дәулетбаев Омарбек

турасында өрбітсек. Ол 1921 жылы дүниеге келген. Бастауыштың 5 кластық білімімен, өзінің еті тірілігінің арқасында колхозда жастай есепші болып жұмыс істейді. 1941 жылы соғысқа аттанып, 3-ші Украина майданында, 57-ші армия құрамында минометші болады. Теріскейден Еуропаға дейінгі ұзақ, қиын жолдан өтті, көрер жарығы бар болғандықтан 1946 жылы елге оралды.

Бас қолбасшы И.В.Сталиннің "Алғыс хатын" иеленді. 1944 жылы Днепр өзенінен өтудегі ерлігі үшін "1-ші дәрежелі Отан соғысы" орденімен және 1945 жылы 3-ші дәрежелі "Даңқ" орденімен марапатталды.


Соғыста және бейбіт өмірде өңіріне таққан біршама медаль, төсбелгілері тағы бар. Елге оралған 25-тегі қылшылдап тұрған жас Омарбек алғашқыда колхоздың жүк қабылдаушысы, содан кейін хат та-

сушы болып еңбек етеді. Совхоз құрылып, Жартытөбе әкімшілігіне біріккеннен бастап өмірінің соңына дейін (1982 ж.) ауылдық кеңестің бас есепшісі қызметін абыройлы атқарды.

Ия, Сұлхан әжеміздің ақ тілегі орындалып, Омарбек ұлы әкесінің орнын жоғалтпай, түтінін түзу ұшырып, ұрпақ өрбітті. Айтқұл апамызбен отбасын құрып, шаңырақта құдайдың берген ұл-қыздарын тәрбиелеп өсірді, оқытты. Ауылға енегелі отбасы болды. Бұл күнде Дәулетбаевтардың ұрпағы еліміздің әр өңірінде, қала мен ауылда өз кәсіптерін игеріп, жұмыстарын атқаруда.

Қаһарлы 1941 жылы әкелі-балалы екеуі бірдей майданға аттанып, қатал тағдыр екеуін екі бөліп жіберді, өмір жолдары да түрлі бағытта өрбіді. Әкесі Дәулетбайдың қазасы майдан даласында жетіп,

## ӘКЕЛІ-БАЛАЛЫ МАЙДАНГЕРЛЕР



сүйегі Санкт-Петербург маңындағы бауырластар зиратында жерленгені белгілі.

Баласы Омарбек елге оралып, 61 жыл ғұмыр кешті, әке жетпеген асуларды алды десе де болғандай.

Ендігі кезекте әкелі-балалы қос майдангердің немере, шөбере, шөпшектердің аталарының есімін әрдайым ұлықтап, сол атқа үнемі лайықты болады деп сенеміз.

"ЕР есімі-ел есінде" - демекші, Жеңіс мерекесі қарсаңында осы шағын мақаланы аудан жұртшылығының назарына ұсынғанды жөн санадық.

(Мақаладағы деректер майдангер ұрпағы, ауданның Құрметті азаматы Омарбеков Ілиястан алынды)

**Тұмартай ДІНТАЙҰЛЫ,**  
**Қазақстан Жазушылар және**  
**Журналистер одақтарының**  
**мүшесі.**  
**Аққолтық ауылы.**

### Сенім телефоны

«Созақ ауданының Шу ауылдық округі әкімінің аппараты» мемлекеттік мекемесі Қазақстан Республикасы Президентінің 2015 жылғы 29 желтоқсандағы №153 Жарлығымен бекітілген Қазақстан Республикасы мемлекеттік қызметшілерінің Әдеп кодексіне сәйкес мемлекеттік қызмет этикасы мен «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» Заң талаптарын бұзған «Созақ ауданының Шу ауылдық округі әкімінің аппараты» мемлекеттік мекемесінің қызметкерлері жөнінде +7 (72546) 2-31-72 телефонына хабарласуға болады.

**«Созақ ауданының Шу ауылдық округі әкімінің аппараты» мемлекеттік мекемесі.**

«Созақ ауданының Жуантөбе ауылдық округі әкімінің аппараты» мемлекеттік мекемесі Қазақстан Республикасы Президентінің 2015 жылғы 29 желтоқсандағы №153 Жарлығымен бекітілген Қазақстан Республикасы мемлекеттік қызметшілерінің Әдеп кодексіне сәйкес мемлекеттік қызмет этикасы мен «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» Заң талаптарын бұзған «Созақ ауданының Жуантөбе ауылдық округі әкімінің аппараты» мемлекеттік мекемесінің қызметкерлері жөнінде 23-7-78 телефонына хабарласуға болады.

**«Созақ ауданының Жуантөбе ауылдық округі әкімінің аппараты» мемлекеттік мекемесі.**

Созақ ауданының адами әлеуетті дамыту бөлімі мен білім және ғылым қызметкерлерінің кәсіподағы ұжымы осы кәсіподақ комитетінің төрағасы Қасым Манас Сейдахметұлына қарында-сы

**Қасымова Гүлзейнет Сейдахметқызының** қайтыс болуына байланысты қайғысына ортақтасып, көңіл айтады.

## Балалардың дұрыс тамақтануы

Балалардың мектепте оқу кезеңінде өсу процесінің қарқындылығы, бұлшық етінің және сүйек қаңқасының ұлғаюы, зат алмасуының күрделі құрылымы, эндокринді, жүрек-қантаныр, бас миы қызметінің ерекшеліктері байқалады.

Осы жастың тағы бір ерекшелігі ақпараттың кең көлемде және мектеп бағдарламасының қиындай түсуіне байланысты оқушылардың ақыл ойына анағұрлым күш түседі.

Оқушылардың тиімді тамақтануы (салауатты) инфекцияларға қарсы тұру және басқа да қолайсыз факторларға тұрақтылығын арттырады.

Тиімді, салауатты тамақтану – бұл баланың ең басты көңіл күйінің көтеріңкі және мектепте табысты болуына тікелей әсер етеді.

Кез келген тиімді тамақтану теңгерімін сақтамау функциональдық ауытқуға ғана емес және асқазан-ішек жолының созылмалы ауруларына сонымен қоса организмнің барлық жүйелерінің, иммунитеттің төмендеуі, организмнің әр түрлі жұқпалы ауруларға қарсы тұру қабілетінің төмендеуіне әкеліп соғады.

Осы кезде оқушылардың қуат жұмсауы жоғары, қуатты жұмсау балалардың жасына және олардың белсенділігіне байланысты, сонымен қоса организмнің өсуі және дамуы жүруде.

Қуаттылық құнарлығын тиімді теңгеру үшін

күндік рационның калориясы таңғы асқа 25%, түскі асқа - 35%, бесіндік асқа - 15% және кешкі асқа - 25% құрауы керек. Бұл қуаттылықты тек ғана тамақтану арқылы толтыруға болады.

Тағам жоғары деңгейде пайдалы болуы үшін міндетті түрде рационда кең көлемде өмір сүруге қажетті заттары бар тағам өнімдерін пайдалану қажет (ақуыздар, майлар, көмірсулар, минералды заттар, дәрумендер және су). Ақуыздар – адамның мүшелерінің және тінінің құрылуында пайдаланылатын негізгі материал болып табылады.

Үздіксіз өсіп жатқан оқушылар организмді ерекше ақуыздарды қажет етеді.

Ақуыз жеткіліксіз жағдайда болған кезде баланың өсуі және дамуы баяулап, организмнің ауруларға қарсылығы төмендеп, ақыл-ой қабілеті нашарлайды.

Жануар ақуызының негізгі көздері: сүт және сүт өнімдері, ет және балық, жұмыртқа; өсімдік ақуыздары: бұршақ, асбұршақ, соя және т.б.

Майлар бірінші кезекте жүйке дәнекерінің оның ішінде бас миының қуатты материалы ретінде пайдаланылып, А және Д дәрумендерінің көзі және еріткіштері болып табылады.

**Х.ОСПАНОВ,**  
**Созақ аудандық СЭББ басшысы.**

Сенімгерлік басқарушы:

**"Agro-sozak" ЖШС**

Меншік иесі-

**"Созақ үні" газеті редакциясы"**  
жауапкершілігі шектеулі  
серіктестігі

**Директордың міндетін**  
уақытша атқарушы:  
**Теңізбаев Сәрсенбек**  
**Сайлаубекұлы**

**Бас редактор:**  
**Теңізбаев Сәрсенбек**  
**Сайлаубекұлы**  
Жауапты хатшы  
**Мақсат Қарғабай**  
Редакция құрамы:

Аға тілші-  
**Нұржамал МАЙУСОВА**  
Тілшілер-  
**Данияр БЕКОВ**  
**Нұрсұлтан ШЕРТАЕВ**  
**Біржан ЖАНДӘУЛЕТОВ**  
Дизайнер-  
**Асхан БАҚТЫБАЕВ**  
Терішші-  
**Бағила АЯЗБАЕВА**

Қолжазбалар еңделеді, қайтарылмайды және оларға пікір жазылмайды. Редакция авторлар мақаласы мен жарнама мазмұнына және өздері әкелген суреттің сапасына жауап бермейді. Кей суреттер интернеттен алынады.

Компьютерлік бетпен екі жарым беттен (250 жол) асқан материалдар қабылданбайды.

Газет Қазақстан Республикасы Ақпарат және Коммуникациялар Министрлігі Ақпарат комитетінде 2018 жылдың 6 қаңтар күні Астана қаласында тіркеліп, мерзімді баспасөз басылымын, ақпарат агенттігін және желілік басылымы есепке қою, қайта есепке қою туралы №17391-Г куәлігі берілген.

Газет редакцияның компьютер орталығында теріліп, беттелді. «Ар-принт» баспаханасында басылды. Шымкент қаласы, Ж.Ташенов көшесі, №24.

Таралу аумағы: Қазақстан Республикасы

Газет А-3 көлем форматта  
аптасына 2 рет шығады  
Индекс 64450

Редакцияның мекен-жайы:  
**161000, Шолақорған ауылы, С.Қожанов көшесі, байланыс телефондары 4-15-30 (факс), 4-25-19, 4-28-97**

А-ақысы төленген

тапсырыс №  
таралымы -  
**3600 дана**

Кезекші редактор:

М.Қарғабай.